

Қобда ауданының ауылдық округтері мен ауылдарының аттарын өзгерту туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің жиырма төртінші сессияда қабылдаған 1999 жылғы 21 сәуірдегі N 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 24 мамырда N 111 тіркелген.

Ескерту. Тақырыбында қазақ тілінде "селолық", "селоларының" сөздері "ауылдық", "ауылдарының" сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтін бойынша орыс тілінде "аульный", "аульных", "аул" сөздері "сельский", "сельских", "село" сөздермен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-ші бабы 4) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат және облыс Әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қобда ауданы мәслихаты мен әкімінің және облыстық ономастикалық комиссиясының ұсыныстары қабылдансын және Қобда ауданындағы:

Бесқопа ауылдық округі Сарыбұлақ ауылдық округі

Калиновка ауылдық округі Бегалы ауылдық округтері болып;

Осы ауылдық округтердің орталықтары:

Сарыбұлақ селосы Сарыбұлақ ауылы болып, аттары өзгертілсін.

2. Осы шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынылсын.

Облыстық Мәслихаттың
сессия төрағасы

Облыс Әкімі